**Шакирова Алтынай Боранкұлқызының «8D04201-Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Білім беру ортасындағы адам құқықтары: теориялық және тәжірибелік сұрақтары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша Пікірі**

| р/н № | Өлшем шарттар | Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу) | Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету) |
|---|---|---|---|
| 1 | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:<br>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);<br>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);<br>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді | А.Б. Шакированың «Білім беру ортасындағы адам құқықтары: теориялық және тәжірибелік сұрақтары» атты диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына, Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы және сондай-ақ 2025 жылғы Ұлттық құрылтай шеңберінде бекітілген ҚР мемлекеттік бағдарламалары мен ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді.<br>А.Б.Шакированың диссертациясы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеу» бағытына сәйкес. |
| 2 | Ғылым үшін маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған. | Диссертациялық зерттеу құқық ғылымының дамуына елеулі үлес қосып отыр.<br>Зерттеу нәтижелері білім беру саласында адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау мәселелерін теориялық, құқықтық-тәжірибелік және заңнамалық деңгейде шешудің тиімді тәсілдерін ұсынумен сипатталады. Сонымен қатар, білім беру ортасындағы субъектілердің құқықтық мәртебесін қамтамасыз ететін механизмдерді анықтау арқылы осы саладағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіруге бағытталған ұсыныстар жасалған. Осыған орай, «Білім туралы» кодексті енгізу мәселесін консолидациялау жолымен бекіту қажеттілігі атап өтілген. |
| 3 | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі:<br>1) жоғары; | Диссертацияны өзі жазу деңгейі жоғары, берілген ақпараттар |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 2) орташа;<br>3) төмен.<br>4) өзі жазбаған. | мағыналы, түсінікті. Автор теориялық негіздерді терең қарастырады, халықаралық және ұлттық нормативтік құжаттарды талдайды, өз пікірлерін дәлелдеп, тәжірибелік мысалдар келтіреді. Жұмыста тәуелсіз зерттеу, сыни талдау және жаңа шешімдер ұсыну байқалады. |
| 4 | Ішкі бірлік принципі | 4.1Диссертация өзектілігінің негіздемесі:<br>1) негізделген;<br>2) ішінара негізделген;<br>3) негізделмеген. | Диссертациялық зерттеудің өзектілігі диссертантпен толық негізделген. Диссертацияда адам құқықтарының білім беру ортасындағы теориялық және тәжірибелік мәселелері толық қамтылып, олар деректер мен зерттеулер арқылы дәлелденген. Диссертацияның өзектілігін бағалау үшін оның ғылыми жаңалығы, теориялық негізі және тәжірибелік маңыздылығы толық талданған. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:<br>1) айқындайды;<br>2) ішінара айқындайды;<br>3) айқындамайды. | Диссертациялық жұмыстың мазмұны жұмыстың тақырыбын, оның мақсаттары мен міндеттерін және қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдары толық айқындалады. |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:<br>1) сәйкес келеді;<br>2) ішінара сәйкес келеді;<br>3) сәйкес келмейді. | Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері таңдалған тақырыппен толық сәйкес келеді. Автордың жүргізген ғылыми-зерттеу жұмысы қойылған мақсатқа жеткендігін көрсетеді және ғылыми құндылығы бар мазмұнды зерттеулер санатына жатады. Диссертация тақырыбына негізделген мақсат зерттеу бағытымен толық сәйкес келеді. |
| | | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:<br>1) толық байланысқан;<br>2) ішінара байланысқан;<br>3) байланыс жоқ. | А.Б. Шакированың диссертациялық зерттеуінде барлық бөлімдер өзара толық байланысқан және логикалық үздіксіздікке ие. Жұмыс құрылымы кіріспе, үш негізгі бөлім, қорытынды және әдебиеттер тізімінен тұрады. Берілген диссертация жазылу талаптары мен стандарттарына толық сәйкес келеді. Зерттеу нәтижелері мен ұсыныстары негізделген, дәлелді және дәйекті түрде ұсынылған. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 4.5. Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:<br>1) сыни талдау бар;<br>2) талдау ішінара жүргізілген;<br>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;<br>4) талдау жоқ. | Автор зерттеу жұмысында шетелдік және отандық зерттеушілердің ғылыми еңбектері мен тарихи дереккөздерге сүйеніп, сыни талдау жүргізген. Шетелдік және отандық зерттеушілердің еңбектері, сондай-ақ тарихи дереккөздер талдау базасы ретінде пайдаланылған.<br>Автордың өз ұсыныстары (қағидаттар, әдістер) эмпирикалық және теориялық тұрғыдан дәлелденген. |
| 5 | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);<br>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | А.Б.Шакированың диссертациялық жұмысында ұсынылған ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар толығымен жаңа деп бағалауға негіз бар. Диссертациялық жұмыста «Білім беру ортасы» ұғымының авторлық құқықтық тұжырымы жасалған және субъектілердің құқықтық мәртебесіне талдау жасай отырып, оларды негізгі/қосымша топтарға жіктеу жаңа тәжірибелік тәсіл болып табылады. |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);<br>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады, өйткені, олар зерттеу міндеттеріне сәйкес жазылған және білім беру ортасындағы адам құқықтарын қорғау, құқықтық реттеу механизмдерін жетілдіру және заңнаманы жақсарту бойынша тәуелсіз ғылыми ұсыныстар ұсынылған. Осыған байланысты, диссертацияның қорытындылары жаңа деп бағаланады. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);<br>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа болып табылады. |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (кволитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін). | А. Б. Шакированың диссертациялық зерттеуінде қол жеткізген нәтижелері мен ғылыми тұжырымдарының дәйектілігі теориялық-әдіснамалық негізге сүйенеді. Зерттеу жұмысының ғылыми мазмұны анық, ал қойылған мақсаттар мен міндеттердің қисындылығы, сондай-ақ тұжырымдардың деректермен |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | негізделуі нәтижелердің шынайылығын көрсетеді. |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі ережелер | Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:<br>7.1 Ереже дәлелденді ме?<br>1) дәлелденді;<br>2) шамамен дәлелденді;<br>3) шамамен дәлелденбеді;<br>4) дәлелденбеді;<br>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.<br>7.2 Тривиалды ма?<br>1) иә;<br>2) жоқ;<br>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.<br>7.3 Жаңа ма?<br>1) иә;<br>2) жоқ;<br>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) тар;<br>2) орташа;<br>3) кең<br>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>1) иә;<br>2) жоқ<br>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. | **Бірінші ғылыми нәтиже:**<br>Зерттеу барысында кешенді тәсілге негізделген білім беру саласындағы адам құқықтарын қорғау мен қамтамасыз етудің құқықтық негіздеріне жүйелі талдау жүргізілген. Алғаш рет «Білім беру ортасындағы адам құқығы» ұғымының анықтамасы жасалды, ол ғылыми негізделген және құқықтар жиынтығы ретінде ғана емес, сонымен қатар білім беру кеңістігінде реттеудің құқықтық негіздерін қалыптастыратын міндеттер мен заңды мүдделер жүйесі ретінде қарастырылған.<br>7.1 дәлелденді<br>7.2 жоқ<br>7.3 иә<br>7.4 кең<br>7.5 иә<br>**Екінші ғылыми нәтиже:**<br>«Білім беру ортасының» жаңа құқықтық тұжырымдамасы білім беру қатынастарына қатысушылардың құқықтары мен бостандықтарын іске асыруды қамтамасыз ететін құқықтық жағдайлардың кешенді жүйесі ретінде ұсынылған.<br>7.1 дәлелденді<br>7.2 жоқ<br>7.3 иә<br>7.4 кең<br>7.5 иә<br>**Үшінші ғылыми нәтиже:**<br>Алғаш рет білім беру саласындағы құқықтық қатынастарды білім беру құқығы субъектілерінің негізгі топтарының функционалдық мақсаттарына сүйене отырып, құрылымдау ұсынылды. Бұл тәсіл олардың өзара құқықтары мен міндеттерін нақты анықтауға, құқықтық қатынастарды қалыптастыруға және олардың заңды мүдделерін қорғауға мүмкіндік береді.<br>7.1 дәлелденді<br>7.2 жоқ<br>7.3 иә<br>7.4 кең<br>7.5 иә<br>**Төртінші ғылыми нәтиже:**<br>Педагогтар үшін әлеуметтік |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | жеңілдіктерді іске асыру тетіктерін нақтылау қажеттілігі негізделген. («Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңының 12-бабы). Бұл заңнамадағы олқылықтарды, сондай-ақ құқықтар мен заңды мүдделерді іске асырудағы мәселелерді жоюға мүмкіндік береді. Заңнамаға педагогтердің құқықтарына жаңа кепілдіктер енгізу ұсынылады, бұл әлеуметтік-экономикалық қолдау құқығын неғұрлым толық іске асыру және педагогтердің еңбек және әлеуметтік құқықтарын қорғау деңгейін арттыру үшін маңызды.<br>7.1 дәлелденді<br>7.2 жоқ<br>7.3 иә<br>7.4 кең<br>7.5 иә<br>**Бесінші ғылыми нәтиже:**<br>Білім беру саласында өтініштер мен шағымдарды беру құқығын реттейтін құқықтық нормаларды бекіту және іске асыру негіздері айқындалған. Осы нормаларды заңнамаға енгізу ұсынылған.<br>7.1 дәлелденді<br>7.2 жоқ<br>7.3 иә<br>7.4 кең<br>7.5 иә<br>**Алтыншы ғылыми нәтиже:**<br>Автор адам құқықтары барлығының жеке кадір-қасиетіне қол сұғылмаушылық, кемсітушілік пен жәбірлеуден қорғауға кепілдік беретіндігін ескере отырып, білім беру ортасында жәбірлеуге (буллинг, кибербуллинг) ұшырауы мүмкін субъектілердің әрекет нысанын анықтайтын заңдық актіде көзделген нормаларға өзгеріс енгізуді ұсынады.<br>7.1 дәлелденді<br>7.2 жоқ<br>7.3 иә<br>7.4 кең<br>7.5 иә<br>**Жетінші ғылыми нәтиже:**<br>Құқық саласындағы ғылыми зерттеуде алғаш рет білім беру үрдісінің барлық субъектілерін ұйымдық-құқықтық топтарына бөлу негізінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | колекеін әзірлеу туралы ұсыныстар негізделеді.<br>7.1 дәлелденді<br>7.2 жок<br>7.3 ия<br>7.4 кен<br>7.5 ия |
| 8. | Дәйектілік кагидаты. Дереккөздер мен ұсынылған акпараттың дәйектілігі | 8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама накты жазылған:<br>1) ия;<br>2) жок. | Диссертацияның әдіснамалык базасы мұкият негізделген және зерттеудің максаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді. Ол ғылыми жұмыстың объективтілігі мен дәлдігін камтамасыз ететін біркатар факторларға сүйенеді. |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды колдану аркылы ғылыми зерттеулердің казіргі заманғы әдістері мен деректерді өндеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:<br>1) ия;<br>2) жок. | Диссертациялык зерттеу нәтижелері заманауи ғылыми таным әдістері мен салыстырмалы-құкыктык талдау аркылы кол жеткізілген. Бұл зерттеудің корытындылары сенімді болып табылады және жоғары ғылыми деңгейде негізделген. Сонымен катар, жұмыстың негізгі корытындылары рецензенттелген ғылыми журналдарда басылып шыккан, бұл олардың дәлдігіне сенімділікті арттырады. |
| | | 8.3 Теориялык корытындылар, модельдер, аныкталған өзара байланыстар және зандылыктар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалык ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалык эксперимент негізінде дәлелденеді):<br>1) ия;<br>2) жок. | Теориялык корытындылар, модельдер, аныкталған өзара байланыстар және зандылыктар зерттеумен дәлелденген және расталған. |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер накты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған. | Диссертациялык зерттеудегі негізгі корытындылар сенімді ғылыми дереккөздерге, соның ішінде ғылыми әдебиеттерге, журналдарға және құкыктык нормативтік актілерге негізделген дәлелдермен колдау тапкан. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз. | Диссертациядағы әдеби шолу жан-жакты жасалған, себебі автор 192 дереккөзді камтитын кен спектрлі зерттеулерді, ғылыми макалаларды және нормативтік актілерді талдаған. Пайдаланылған әдебиеттер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | тиімі зерттеу тақырыбын толық қамтамасыз етеді. |
| 9 | Практикалық құндылық қағидаты | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:<br>1) бар;<br>2) жоқ. | Диссертациялық зерттеу - білім беру саласындағы адам құқықтарын қорғау мен қамтамасыз ету мәселелерін терең зерттейтін теориялық маңызды ғылыми еңбек. |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:<br>1) иә;<br>2) жоқ. | Диссертацияның практикалық құндылығы жоғары, ал одан алынған қорытындыларды білім беру саласын жетілдіруге, сондай-ақ білім беру ортасында адам құқықтарын қорғау мен қамтамасыз ету бағыттарында тиімді пайдалануға болады. |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);<br>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа. |
| 10. | Жазу және рәсімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы:<br>1) жоғары;<br>2) орташа;<br>3) орташадан төмен;<br>4) төмен. | Академиялық жазу сапасы - жоғары. Диссертацияның құрылымы мен мазмұны ғылыми еңбектерді рәсімдеуге қойылатын талаптарға және академиялық жазудың ерекшеліктеріне толық сай келеді. |
| 11. | Диссертацияға ескертулер | Диссертациялық жұмысқа қатысты ескертулер мен кемшіліктер жоқ. | Шакирова Алтынай Боранқұлқызының «Білім беру ортасындағы адам құқықтары: теориялық және тәжірибелік сұрақтары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы жоғары ғылыми деңгейде орындалған. |
| 12. | Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді) | Зерттеу нәтижелері ғылыми және практикалық басылымдарда, соның ішінде шетелдік журналдарда, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ұсынған басылымдарында, сондай-ақ халықаралық конференциялар мен ғылыми журналдарда жарияланған 11 мақалада көрініс тапқан.<br>Диссертация тақырыбына арналған жұмыстар жоғары кәсіби деңгейде орындалып, барлық бөлімдері халықаралық конференцияларда баяндама түрінде баяндалып, талқыланған. Пайдаланылған басылымдардың сапасы, бағыты және беделі сенімді еш күмән тудырмайды. | |
| 13. | Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес) | Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне Шакирова Алтынай Боранқұлқызына 8D04201-«Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша | |

| | | |
|---|---|---|
| | | философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін ұсынас жасаймын |

**Ресми рецензент:**
**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,**
**заң факультеті, азаматтық құқық,**
**азаматтық іс жүргізу және еңбек құқығы**
**кафедрасының PhD докторы** **Н.Д. Мырзатаев**

ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ

Күні: 29.05.25ж

ҚОЛТАНБАСЫН РАСТАЙМЫН
ПОДПИСЬ ЗАВЕРЯЮ

Сканировано с CamScanner